

«Сүйемін туған тілді – анам тілін...» республикалық интернет-байқауды қашықтық ұйымдастыру және өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында Қазақстан халқының тілдер күніне арналған «Сүйемін туған тілді – анам тілін...» республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтық өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: тіл мәдениетін көтеру және мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін арттыру; қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту;

3. Міндеттері:

- жастардың тілдерді меңгеруге деген шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- сөйлеу мәдениетінің деңгейін көтеру; толеранттылыққа, патриоттық сезімін тәрбиелеу;

- қазақстандық рухани бірлікті қолдау, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлерін зерделеу.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен» РМҚК өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар жюри және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау 2015 жылғы **17 тамыз – 18 қыркүйек** аралығында балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары 2015 жылғы **15 қыркүйекке** дейін **konkurs.kazrus@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: **8(7172)24-93-05** («Сүйемін туған тілді – анам тілін...» байқауы).

8. 2015 жылғы **15 қыркүйектен** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін қатысушы-педагогтер - 3000 (үш мың) теңге, қатысушы-оқушылар – 1000 (бір мың) теңге төлемақы төлеуі қажет.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Сүйемін туған тілді – анам тілін...» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты мен фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатының (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) көшірмесін сканерден өткізіп, байқау жұмысымен қоса konkurs.kazrus@mail.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі 2015 жылғы 18 қыркүйекте www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

12. Байқауға ұсынылған жұмыстар Байқау тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы тиіс.

13. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары қатыса алады.

14. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Замандас ертегіші» номинациясы.

Қабылданатын жұмыстарға қойылатын талаптар:

1 автор немесе авторлар ұжымы – 1 ертегі;

тақырып – еркін (ертегінің тақырыбын қоюды ұмытпаңыз!);

егер ертегінің мазмұны танымал сюжет негізінде жазылса, шығармашылық жағынан ерекшеленіп өзгертілуі тиіс;

туынды тақырыбы, желісі, лексикасы жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға қайшы келмеуі тиіс;

сауатты мазмұндалуы;

Word мәтіндік редакторы; көлемі – А4 форматындағы 1-1,5 беттен аспауы тиіс, (14 шрифт, полуторный интервал).

2. «Алтын шумақ» номинациясы.

Байқауға қазақ немесе орыс тілдерінде жазылған кез-келген өлең формасындағы туындылар, оның ішінде прозалық өлеңдер қабылданады. Көлемі – 70 өлең шумағынан аспауы тиіс.

- Ана, ата-аналар, оқытушылар туралы – өздеріңіздің сүйікті жандарыңыз туралы өлеңдер;

- Отан туралы өлең;

- еліміздегі тілдер туралы өлең;

- еркін тақырып.

3. «Қазақстан халқының тілдері» номинациясы.

Әлем тілдері туралы қызықты фактілер мен құпиялар бойынша авторлық сөзжұмбақтар, бас қатырғыштар және ребустер, жұмбақтар, викториналар, тесттер қабылданады.

Байқау жұмыстары келесідей түрде қабылданады:

- толтырылмаған сөзжұмбақ, сұрақтары;
- толтырылған сөзжұмбақ (жауаптары);
- ребус және ребуста құпияланған жауап;
- бас қатырғыштар жұмбақтар, викториналар, тесттер жауаптарымен.

4. «Менің жазба туындым» номинациясы.

Бұл номинацияда келесі тақырыптар аясында эссе (шығарма, очерктер, мақалалар, т.б.) жазу ұсынылады:

- «Білімдіден шыққан сөз...»;
- «Тіл тұтастығы – ел тұтастығы»;
- «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»;
- «Тіл – жүрек үні»;
- «Анам менің – аялаған ақ гүлім»;
- «Құлақтан кіріп, бойды алар»;
- «Ғашықтың тілі — үнсіз тіл»;
- «Тіл – руханият өзегі»;
- «Менің Отаным»;
- «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы...»;
- «Қазақстан болашағы»;
- Еркін тақырып.

Жұмыста ең бастысы – ашықтық, шыншылдық, қызықты әдістер, туындаған жағдайды жеке талдау, мәселелердің тиімді шешімдері, пайдалы кеңестер.

Бірлескен жұмыстар қабылданбайды (эссені қатысушы өзі жазуы тиіс). Байқауға ұсынылатын жұмыс қазақ немесе орыс тілінде жіберілуі тиіс.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 2 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: жұмыс орны, педагогтің аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, елді мекен (қала, район, ауыл). Басты бет бөлек файлда емес, байқау жұмысының бірінші беті болуы тиіс. Барлығы – 3 бетте.

5. «Мерекеге арналған үздік презентация» номинациясы.

Келесі тақырыптар аясында жасалған авторлық презентациялар қабылданады:

- «Қазақстандағы тіл саясаты»;
- «Менің сүйікті елім»;
- «Мереке тарихы»;
- «Тіл білу – сәттілік кілті»;

«Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері».

Байқауға ұсынылатын презентациясы тек электронды түрде (гиперссылка қолдануға болады) қабылданады. Форматы: Microsoft Power Point.

15. Жұмысты бағалау критерийлері:

- Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- жұмыстың сонылығы;
- өзектілігі;
- жұмыстың сапасы және мазмұндылығы;
- жаңашылдығы.

16. Байқауға әр автордан бір немесе екі номиция бойынша жұмыстары қабылданады, әр номинацияға бір қатысушыдан тек бір жұмыс жіберілуі тиіс.

17. Материалды ресімдеу.

Байқауға материалдар электронды түрде қазақ және орыс тілдеріндегі қабылданады. Егер іс-шара өзге тілдегі материалды қамтыса, онда міндетті түрде қазақ немесе орыс тілдеріндегі толық аудармасы болуы тиіс.

Байқау жұмыстарының архивті құжатын электронды поштаға жіберуде төлемақы жүргізілгені туралы құжаттың сканерден өткізілген көшірмесін, сонымен қатар хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- 1) байқауға қатысушының толық аты-жөні, электронды адресі; облыс, қала, ауыл;
- 2) байқау жұмысының аталуы;
- 3) байқау номинациясының аталуы;
- 4) байланыс мәліметтері.

Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.